Кәсіптік бағдар беру жұмысының 2 тоқсан бойынша есебі
2025-2026 оқу жылы

03.11. 2025 жылы Қосшы қаласы №2 жалпы орта білім беретін мектебінде, Алматы қаласы ҚР ҰҚК «А» арнаулы мақсаттағы қызметі, ҚР ҰҚК Шекара академиясынан арнайы мамандар келіп, 10-11 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырып өткізді.

Қосшы қаласы №3 мектеп-лицейінің кәсіптік бағдар беру жоспарына сәйкес, 5-6-сынып оқушылары арасында «Менің болашақ мамандығым» атты сурет байқауы ұйымдастырылып өткізілді. Шығармашылық шеберлігімен көзге түскен суреттерге ұстаздар дауыс беріп, I, II, III жүлделі орындар анықталып марапатталды. Барлық белсенді қатысқан оқушыларға номинация бойынша мадақтамалар табысталды. «Ең белсенді сынып» номинациясы бойынша 20 оқушы қатысқан 5 «Ә» сынып оқушылары және сынып жетекшісі Абдуллаева Айгүл Насыровна марапатталды.

13-25 қараша аралығында Testter.kz 11-сынып оқушылары ҰБТ тест тапсырды.

05.12.2025 жылы қоғамдық мәдени-спорт кешенінде мамандық тандауын дұрыс бағыттау мақсатында (9-10 сыныптар) “Жетістік формуласы - 2025” тақырыбында конференция өткізілді.

28.01.2026 жылы М.Ғабдулин атындағы Азаматтық қорғау академиясының өкілдері Көкшетау қаласынан келіп, 9-11сынып оқушыларына арналған азаматтық қорғау саласы бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Қосшы қаласының өрт сөндіру бөлімінен арнайы қонақ - капитан Қожагелді Алмас Хамитұлы қатысып, өз тәжірбиесімен бөлісті.

Кәсіптік бағдар беруші педагог: Д.В.Безе